

*Б.Ж. Әбдірайым, з.ғ.д., профессор,  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры,  
ҚР ҰҒА құрметті академигі*

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры,  
заң ғылымдарының докторы, профессор Б.Ж. Әбдірайымның академик  
Зиманов С.З. атындағы Аудиторияның салтанатты ашылуындағы сөзі  
(Астана, 31 қаңтар 2011 ж.)**

З.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі Зиманов Салық Зиманұлы – қазақ халқының мақтанышы, батыры және жанашыры. Ол өзінің бір ғасырға жуық өмірінде өз халқына аянбай қызмет етуде. Тоқсанға таянған жасында үлкен мінбелерден сөйлеп, бүгінгі күні мемлекеттік-құқықтық саясатқа қатысты өз пікірін айтып, мол тәжірибелік және теориялық білімін жастарға қалдыруда.

Салық Зиманұлы 1921 жылғы 19 ақпанда Гурьев облысында (қазіргі Атырау) дүниеге келген. Заң ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА Ұлы Отан соғысының ардагері. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақ академиялық университеттің ректоры және өзге де басшылық қызметтерде болған.

Жауынгер С.Зиманов Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысып, майданда төрт мәрте жарақаттанып, фашистік Германияны жеңуде үлкен батырлық көтеріліп, ірі әскери бөлімдерді басқарған.

Соғыстан жеңіспен оралған жауынгер Кеңестік Қазақстанның дамуына атсалысып, құқық қорғау органдарына қызметке орналасады. Алайда бойына біткен шығармашылық қабілеті тыным бермей, ғылым жолына түсуге негіз болды. 1948 жылы Бүкілодақтық заң институтында жоғары заң білімін алып, одан әрі Мәскеуде КСРО Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтында ғылыми-ізденушілік жұмыстарын жүргізіп, 1950 жылы «Бөкей Ордасының қоғамдық қоғамдық – саяси құрылысы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды. Ғылымның үлкен жолына жолдама алған жас заңгер жұмыстарын жүргізіп, 1961 жылғы «18 ғ. соңы және 19 ғ. алғашқы жартысындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси құрылысы» тақырыбында заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне диссертациялық жұмыс қорғайды. Отандық заң ғылымына қосқан қомақты үлесі үшін С.Зиманов 1967 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының академигі атағын иеленді.

Нәтижесінде, ғылым жолын таңдап, бүкіл өмірін білім мен ғылымға, ғылымның адам өміріне, қоғамға, мемлекет ісіне қызмет етуіне арналған мемлекетшіл ғалым дәрежесіне көтеріледі. Ол елімізде заң ғылымының қалыптасып, өркендеуіне, қоғамның, мемлекеттің адам құқығын сақтап, әділеттік қарым-қатынас тұрақтануына арымай-талмай, қалтқысыз еңбек етумен келеді.

Ұлттық бостандығымыздың, тәуелсіз мемлекеттігіміздің туын желбіретіп, іргетасын қаласып, тұғырын тұрақтандырып, қабырғасын көтеруге Салық Зиманұлы кәсіби заңгер-ғалым, жанашыр азамат, ұлт патриоты ретінде де белсене кірісіп, мейлінше атсалысты. Ол бірден еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың стратегиялық бағытын, реформалар жүргізудегі бастамашылдығын қолдап, оның құқықтық кеңістігін жасауға бастаған үлкен керуеннің кедергісіз жүруіне қолма-қол араласты. 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылуының депутаты болып, сол жылы 25 қазанда қабылданған Егемендік туралы Декларация жобасын жазып, оны Жоғарғы Кеңесте талқылап, қабылдауға бастамашы болды.

Академик Салық Зимановтың қоғамдық қызметіне тоқталғанда ұстаздық еңбегін ерекше бөліп айту орынды болар еді. Бүгінгі жаңа Қазақстанның құқықтық кеңістігінде еңбек етіп, республика, өңірлердің әртүрлі деңгейлерінде құқықтық лауазымды мыңдаған қызметкерлер Зимановтан дәріс алғанын мақтанышпен айтады. Күнделікті жұмыстарында ғалымның теориялық еңбектеріне сүйеніп, сілтеме жасап жүреді. С. Зимановтың ғылыми жетекшілігімен ондаған, жүздеген заңгерлер ғылыми диссертациялар қорғады. Ардагер ғалым жаңалыққа жаны жақын, ғылымға, заң өңіріне келген жастарға қамқор.

С. Зимановтың ғылыми-зерттеу аясына саяси-құқықтық ілімдердің теориясы мен тарихы, конституциялық және өзге де құқық салалары кіреді. Ол 300-ден астам ғылыми еңбектердің, 20-дан астам монографиялардың авторы, с.і., «Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер» атты он томдық, «Кенестік Қазақстанның мемлекет және құқық тарихы» атты үш томдық басылымдардың авторы және ғылыми ұжымның жетекшісі.

ҚазКСР ғылымның еңбегі сіңген қайраткері, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың, Президенттік бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығының, 2001-жыл қорытындысы бойынша ғылым, техника және білім саласы бойынша ҚР-ның мемлекеттік сыйлықтың иегері. ҚР «Халықтар Достастығы», «Парасат» және «Отан» ордендерімен марапатталады.